



Қазақ тілі

2 класс

Алматыкітап баспасы

2009

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

Дауыссыз қ мен ғ



Сабақтың мақсаты:



Оқушыларға қ мен ғ
әріптері жайында білімдерін
жетілдіру.

Сабақтың міндеттері:

- **Білімділік:** Оқушылардың қ мен ғ әріптері жайында білімдерін жетілдіру, берілген екі әріптің ерекшеліктерімен таныстыру.
- **Дамытушылық:** Оқушылардың логикалық ойлауын, сөздік қорын, шығармашылық қабілетін дамыту.
- **Тәрбиелік:** Оқушыларды еркін сөйлеуге, ұқыптылыққа, байқампаздыққа, алғырлыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары:



- *тірек сызбалар,*
- *үлестірмелі қағаз,*
- *суреттер.*

Әдіс – тәсілдері:

- *түсіндіру,*
- *әңгімелесу,*
- *сұрақ-жауап,*
- *көрнекілік әдісі.*

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

I. Алғашқы ұйымдастыру бөлімі.

- ✓ *Оқушылармен сәлемдесу.*
- ✓ *Оқушылар санын түгелдеу.*
- ✓ *Зейінін сабаққа аударту.*

Қызықты жұмбақтар:

1. Қайсы күні қандай сабақ,
Қалай менің үлгерімім?
Еш жаңылып қалмай, санап
Жүреді ылғи *Күнделігім*
2. Тіл – ырысың, өрісің де,
Тіл – көктегі ғажап күнің.
Ғажап күнсің
Мен үшін де,
Бабам тілі - *Қазақ тілі*

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Дауыссыз п мен б-ның ерекшелігі?

3-жаттығу. *Мәтінді түсініп оқы.*

Сынып бөлмесі

Біздің **сынып** бөлмесі екінші қабатта орналасқан. Сынып бөлмесінде үш қатар парта тұр. Табиғат бұрышы бар. Сөреде **кітап**, газет, журналдар жиналған. Онда әдеби кітаптар көп. Оқушылар өздеріне ұнаған кітапты оқиды. Кезекшілер сынып бөлмесін таза ұстайды.


Тапсырма: *қарамен жазылған сөздердің аяғына **ы, і** дыбыстарының тиістісін жалған жаз.*



Kk

Ff

III. Жаңа материалды меңгерту.



Ереже:

Ғ әрпі сөз соңында жазылмайды. **Қ**-ға аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **қ** дыбысы **ғ**-ға айналады екен.

Мысалы: орақ – ора**ғ****ы**, шақ – ша**ғ****ы**, құлақ – құла**ғ****ы**.

Тапсырма: тамақ, тауық, мысық, егеуқұйрық сөздеріне **ы** дыбысын жалғап айт.

*** 1-жаттығу.** *Сөздерді көшіріп жазып,
жазылуын есте сақта.*

Құрақ, қабық, жапырақ, қорық, торсық, топырақ,
лақ.

*Осы сөздерге **ы** дыбысын қосып жаз. Жазу
барысында байқалған өзгерістерді айт.*

3-жаттығу. *Көп нүктенің орнына
жақша ішіндегі әріптердің тиістісін қойыңдар,
өзгеру себебін түсіндіріңдер.*

1. Егін ора...ы (қ,ғ) аяқталды. 2. Үстел үстінде
әжемнің ұршығ... (і,ы) жатыр. 3. Қазандағы сүт
бетіне қалың қайма... (қ,ғ) түсіпті. 4. Дәптердің он
екі пара...ы (қ,ғ) бар. 5. Қыста дала а... (қ,ғ) мамы...
(ғ,қ,к) қар жамылады.



ОЙЛАН, ТАП!

А Э В Г Д Е Ё Ж З

Й Қ Л М Н Њ О

П Р  Т У Ў Ү Ф Х Ъ Ц

Ч Ш Щ Ъ Ы І Ъ Ю Я

15	1	11	1	15	24	25	1	18

*** 4-жаттығу. Қ** дыбысына басталып, **қ** дыбысына аяқталатын сөз ойла.

1. Қоқыс жинайтын құрал.
2. Ас ішетін құрал.
3. Жануарлар мен өсімдіктер қорғауға алынған жер.
4. Сүттен жасалатын тағам



Тапсырма: Кілт сөзге бірнеше сөйлем құраңдар.

5-жаттығу. *Орны ауыстырылған сөздерден сөйлем құрастыр.*


1. Емшісі, орман, тоқылдақ, болады.
2. Аяғынан, қарлығаш, жараланыпты.
3. Соң, кемпірқосақ, шығады, жаңбырдан.
4. Бетінде, жапырақ, шық, етеді, жылт-жылт.

***Қ** дыбысына аяқталған сөздерге **ы, і** дауысты дыбыстарын жалғап оқып көр.*

Ребус

”

,



Ә

”



,

””



””



Мәтін

*Бекіту сұрақтары

1. Дауыссыз дыбыстың түрін көрсет.

А) қатаң; Ә) дыбыс; Б) жіңішке;

2. Б, в, г, ғ, д, ж, з дыбыстары дауыссыз дыбыстардың қай түріне жатады?

А) қатаң; б) ұяң; в) үнді.

3. «Кіта... – білім бұлағы» көп нүктенің орнына тиісті әріпті қой.

А) б; б) бы; в) п.

4. Мәтін дегеніміз не?

а) дауыссыз дыбыс түрлері;

Б) жазбаша не ауызша ойды жеткізу;

В) дауысты дыбыстың түрі

5. Дұрыс емес сөзді тап

А) араб; Ә) орағы; Б) құлағ.

6. Қ, Ғ дауыссыз дыбыстардың қай түріне жатады?

А) үнді, ұяң; Ә) қатаң, ұяң; Б) қатаң, үнді.

7. Бұл қандай бұйым?

Қайқылау бас жағы сәл,

Аса ыңғайлы сабы бар.

Сұйық тамақ ішкенде,

Ыстық тамақ ішкенде,

Ол қолыңнан табылар.

А) қалақ; Ә) кесе; Б) қасық.

8. **Тамақ** сөзіне бірнеше сөйлем құрап жаз.

Үй тапсырмасын беру.



«Қазақстан» тақырыбында қысқаша мазмұндама жазу.

№2 жаттығу. Мәтінді түсініп оқу, тапсырмаларын орындау.

Қ мен Ғ дыбыстарына байланысты оқулықтағы ережені жаттау.

Сабак аяқталды!



Сау болыңыздар!!!